

"Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметті лицензиялау ережесін және оған қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 маусымдағы № 534 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 21 желтоқсандағы № 1567 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 қарашадағы № 1474 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.11.21 № 1474 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметті лицензиялау ережесін және оған қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 маусымдағы № 534 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы 2007 ж., № 21, 241-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы»;

1-тармақтың 1) тармақшысы алынып тасталсын; көрсетілген қаулымен бекітілген қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін жиырма бір күн мерзім өткен соң, бірақ 2012 жылғы 30 қаңтардан ерте емес қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2011 жылғы

21

желтоқсандағы

№ 1567

қаулысына

қосымша

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

бекітілген

Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары

Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде өтініш берушіге қойылатын біліктілік талаптары:

1) теңіз және өзен көлігімен:

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес тиісті біліктілігі бар жүзбелі көлік құралының жинақталған кеме экипажының; қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі жүзбелі көлік құралдарының; жүзбелі көлік құралымен қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру мүмкіндігін растайтын кеме қатынасы тіркелімі немесе біліктілік қоғамы қорытындысының;

көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы шарттың болуын қамтиды;

2) автомобиль көлігімен:

қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған меншік құқығындағы, жалдау шарты немесе сенімхат негізіндегі автокөлік құралдарының; көлік құралының жүргізушісінде тиісті санаттағы жүргізуші ретінде кемінде

3 жыл үзіліссіз жұмыс өтілінің;

жүргізушіні қауіпті жүкті тасымалдауға жіберу туралы куәліктің; автокөлік құралын қауіпті жүкті тасымалдауға жіберу туралы куәліктің; көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы шарттың болуын қамтиды.